


Ағымдағы экономикалық белсенділікті бағалауға арналған дэшборд

Jusan Analytics командасы **ағымдағы экономикалық белсенділікті бағалау бойынша арнайы дэшборд әзірледі**. Дэшборд экономиканың қысқа мерзімді кезеңнің қандай фазасында тұрғандығын түсінуге және экономикалық агенттердің (**инфляция, валюта бағамы, іскерлік белсенділік, пайыздық мөлшерлеме**) ықтимал әрекеттерін болжауға мүмкіндік береді.



Әзірленген дэшбордтың нәтижелері бойынша **29 фактордың 22-сі экономиканың тұрақты қызуын көрсетеді**. Талдау мынадай 4 блок бойынша жүргізілді: инфляция, монетарлық, экономикалық және сыртқы жағдайлар. Сондай-ақ ҚРҰБ баспасөз хабарласына семантикалық (мағыналық) талдау жүргізілді. [Әдіснама](#).

Белгілеулер	Көрсеткіштер саны
Қызу	22
Өсу	4
Суыну	3
Барлығы	29

Жағдайды тұрақтандыру бойынша тиісті шараларды қабылдау керек. Біз ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитетінің келесі отырысынан **базалық мөлшерлеменің жоғарылуын күтеміз**. Бұл ретте қызу аумақтарының саны мен тұрақтылығы мөлшерлемені тез көтеру қажеттігін көрсетеді.

Инфляция блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш бойынша түсініктеме	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы
			Айлық деректер			
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа мән	Жыл басынан бергі орташа мән	
Инфляцияның ағымдағы деңгейі (ж/ж)	4-6%	ҚР ҰБ 2022 жылға мақсатты көрсеткіші	14.5%	13.9%	11.8%	●
Инфляцияның ағымдағы деңгейі (а/а)	0.6%	2019-2021 жж. бойынша осы айдағы орташа мән	1.6%	1.7%	1.7%	●
Инфляциялық болжам	5.0%	Бір жылдан кейін ҚРҰБ мақсатты дәлізінің жоғарғы шегі	14.8%	12.6%	11.1%	●
Нақты пайыздық мөлшерлеме (TONIA мен бір жылға алдын ала жасалған инфляциялық болжам арасындағы айырма)	3.6-3.7%	ҚРҰБ зерттеу деректері	-1.4%	1.6%	3.1%	●
Тұрғын үй бағасы	0.40%	2019-2021 жж. бойынша сол айда жаңа тұрғын үйді сату бағасының өзгеруінің орташа мәні	1.1%	1.2%	1.9%	●
	0.8%	2019-2021 жж. бойынша сол айда пәтерлерді қайта сату бағасының өзгеруінің орташа мәні	0.4%	1.1%	2.7%	●

Дереккөз: ҰСБ, ҚРҰБ, расчеты Jusan Analytics есептеулері

Белгілеулер	
Қызу	●
Өсу	●
Суыну	●

Инфляция блогы бойынша тұжырымдар:

Инфляция бойынша 2022 жылғы маусымдағы статистика **инфляциялық қысымның одан әрі күшейетіндігін білдіреді**. Бұл ретте өткен жылдың жоғары базасының әсеріне байланысты инфляцияның бәсеңдейтіні туралы болжам расталмады. Жылдық инфляция 14.5%-ға жетті (мамырда – 14.0%). Азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлардың бағасы сәйкесінше 19.2%-ға (мамырда – 19.0%) және 13.2%-ға (11.9%) өсті. Сервистік инфляция 9.2%-ға көтерілді.

Тұтыну қоржынының қымбаттауы әлемдік бағалар тарапынан азық-түлік бағаларына түсіп жатқан қысымның сақталуы, теңгенің әлсіреуі және импорттық тауарларды жеткізу шығындарының артуы себебінен орын алып отыр. ҚРҰБ жүргізген сауалнама нәтижесіне сәйкес **халықтың инфляцияға қатысты бір жылға алдын ала жасаған болжамы одан бетер пессимистік сипатта бола түсті және бұл олардың ұлттық валютаның одан әрі әлсіреуі мен ғаламдық инфляциялық ахуалдың нашарлауына алаңдаушылығын білдіреді**. Маусым айында бағалау 14.8%-ды (мамырда – 11.7%) құрады.

2022 жылдың маусымында инфляция мен ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің деңгейі қандай болғанын ескерсек, нақты пайыздық мөлшерлеменің теріс мәні байқалуда. Бұл сөз жоқ, жоғары инфляция барысында жұмсақ ақша-несие саясатының жүргізіліп жатқандығын білдіреді.

Монетарлық талаптар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш бойынша түсініктеме	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы
			Айлық деректер			
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа мән	Жыл басынан бергі орташа мән	
Жеке тұлғаларға несие беру	657 419 млн ₸	2019-2021 жж. орташа мән	945 701 млн ₸	891 127 млн ₸	841 347 млн ₸	●
Сауда және қызмет көрсету секторына кредит беру	543 660 млн ₸	2019-2021 жж. орташа мән	538 711 млн ₸	585 803 млн ₸	567 856 млн ₸	●
Несиелер/депозиттер	100%	2019-2021 жж. орташа мән	106%	105%	102%	●
Ақша айырбастау пункттерінде валютаға сұраныс	169 729 млн ₸	2019-2021 жж. шетелдік валютаны сатудың орташа мәні	209 342 млн ₸	154 482 млн ₸	168 018 млн ₸	●
Теңгелік салымдардың серпіні*	Өсім		0.3%	0.8%	-2.9%	●
Валюталық салымдардың серпіні*	Төмендеу		-7.6%	-13.8%	-13.8%	●
Долларлану*	Төмендеу		-1.85 п.п.	-3.55 п.п.	-2.70 п.п.	●
Ақша мультипликаторы	2.2	2019-2021 жж. орташа мән	2.92	3.10	3.21	●
Несие мультипликаторы	1.8	2019-2021 жж. орташа мән	2.63	2.75	2.78	●
Қосалқы мультипликатор	0.3	2019-2021 жж. орташа мән	0.19	0.17	0.16	●

* Жыл басынан бергі және 3 ай ішіндегі өзгерістер берілген

Дереккөз: ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері

Белгілеулер	
Қызу	●
Өсу	●
Суыну	●

Монетарлық талаптар блогы бойынша тұжырымдар:

Базалық мөлшерлеменің көтерілгеніне қарамастан, жеке тұлғаларға несие беру өктем сипатта дамуда. Біздің бағалауымыз бойынша барлық дерлік көрсеткіштер оңтайлы мәндерден асып түседі. Сауда және қызмет көрсету секторын несиелендірудің өсуі қызуды білдіреді. **Несиелендірудің бұлайша өнімсіз өсуі экономикада артық сұранысты қалыптастырады, теңге бағамына қысым көрсетеді және тұтыну инфляциясының өсуіне түрткі болады.**

Теңгелік несиелер мен депозиттердің арақатынасы барған сайын "Қызу" аумағына жылжи береді: жеке тұлғаларға несие беру артады, бірақ халықтың теңгелік салымдарының айтарлықтай өскендігі байқалмайды. Банк жүйесінде теңгелік қор жасалымы төмен.

Нарықтың валюта айырбастау пункттерінде халықтың валютаға деген сұранысы төмен екендігі байқалады. Бірақ мамыр айында сұраныс керісінше орташа мәннен асты.

Жыл басынан күні бүгінге дейін теңгелік салымдар 2.9%-ға қысқарды. Пайыздық мөлшерлемелері көтерілгенімен, теңгелік депозиттердің көлемі 2021 жылдың соңындағы деңгейге оралған жоқ. Валюталық салымдар тұрақты сипатта азаюда. Бұл долларлану деңгейіне қолайлы әсер етеді. Алайда **долларсыздандырудың рекордтық деңгейіне валюталық салымдардың жүйеден жылыстауы есебінен қол жеткізіледі.** Бірақ бұдан жеке тұлғалардың да заңды тұлғалардың да теңгелік салымдары өсе қоймайды. Сондықтан бұл төмендеуді экономикалық жағдайдың жақсарғаны деп түсінуге, қабылдауға болмайды. **Керісінше, валюталық салымдардың тұрақты түрде жылыстауы экономикада белгілі бір жүйелік мәселелердің бар екендігін білдіреді.**

Барлық дерлік монетарлық мультипликаторлар "қызыл" аймақтың аясында. **Бұл кредиттік белсенділікті тежеу қажеттігін көрсетеді. Банк жүйесіндегі ақшалай қор жиналымы мен қолжетімді резервтердің ағымдағы шамалары осыны меңзейді.** Сырттан қосымша қаржы құйю, оның ішінде эмиссиялық сипатта шығарылған ақшалар кредитке деген сұранысты асырып жібереді. Артық сұраныс экономиканың шектен тыс кредиттелуіне әкеп соғады.

Экономикалық жағдайлар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш бойынша түсініктеме	Көрсеткіштер					Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Квартальные данные			
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа мән	Жыл басынан бергі орташа мән	Ағымдағы мән	Прошлый квартал		
мембюджеттің/ЖІӨ мұнайлық емес тапшылығы	0.0%						-4.3%	-6.8%	●
ҚЭИ	103.3	2019-2021 жж. орташа мән	105.4	105.3	105.4				●
Іскерлік белсенділік индексі	50.0	Жалпы әлемдік тәжірибе	49.0	49.1	49.3				●
Бизнес-циклдің "Сағаты"		ҚРҰБ деректері	Өсу аймағы	Көтерілу аймағы	Көтерілу аймағы				●
Тұтыну шығындары	9.7%	2019-2021 жж. халықтың тұтыну шығындарының өзгеруіне қатысты орташа мән					16.0%	12.2%	●
Объем торговли товарами и услугами	10.3%	2019-2021 жж. бөлшек сауданың өзгеруіне қатысты орташа мән	7.9%	22.1%	14.3%				●
	9.0%	2019-2021 жж. көтерме сауданың өзгеруіне қатысты орташа мән	2.0%	21.8%	25.2%				●
Импорт товаров	7.6%	2019-2021 жж. тауарларды импорттауға қатысты орташа мән	16.6%	11.5%	15.3%				●

Дереккөз: ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері

Белгілеулер	
Қызу	●
Өсу	●
Суыну	●

Экономикалық жағдайлар блогы бойынша тұжырымдар:

Қазақстан бюджетінде қашанда дефицит орын алып отырады. Бұл ретте **бюджет тапшылығы көп жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан аударылатын трансферттер есебінен қамтамасыз етіледі.** 2022 жылдың 1 тоқсанында мемлекеттік бюджет ЖІӨ-нің +1%-ын құрайтын профицитпен қалыптасты (2021 ж. 1 тқс. – дефицит -4%). Алайда мұнайға қатысты емес бюджет (ҚР Ұлттық Қорынан алынатын трансферттерді алып тастағанда) ЖІӨ-нің 4.3%-ын құрайтын дефицитпен қалыптасты (2021ж. 1 тқс -10.7%).

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор (ҚЭИ) базалық салалар бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделген. Ол ЖІӨ-ның 60%-ын құрайды. 2022 жылдың 5 айы ішінде ҚЭИ барлық базалық салалардың өсуі есебінен (жылдық тұрғыда: сауда +10.8%, құрылыс +8.9%, көлік +8.1%, байланыс +7.2%, өнеркәсіп +4.4% және ауыл шаруашылығы +1.3%) 5.9%-ға өсті (мамырда 5.4%-ға). **Мұның барлығы Қазақстан экономикасының дамып жатқандығын көрсетеді.**

Тұтыну сұранысы өсуде. Қазір өткен жылдардағы деңгейден жоғары. Тұрғындардың шығындарының 90%-дан астамын құрайтын тұтыну шығындары 2022 жылдың 1 тоқсанына қарай бір жыл ішінде 16.0%-ға (2021 ж. 1 тқс - 6.4%) өсіп, орта есеппен халықтың жан басына шаққанда 201.8 мың теңгені құрады. Бұл шығындардың 54%-ы азық-түлік тауарларына, 26%-ы азық-түлікке жатпайтын тауарларға тиесілі. Ақылы ақылы қызметтерге кеткен шығындар 19%-ға жетті.

Саудада бәсеңдеу байқалады. Маусым айында бөлшек сауда ж/ж 8%-ға (мамырда 29% ж/ж) өсті. Көтерме сауда өткен жылдың деңгейінде қалды деуге болады +2% ж/ж (мамырда +32 ж/ж). **Бұл ретте бірқатар геосаяси факторларға қарамастан, мамырда тауарларды импорттау 16.6%-ға өсіп, 9.5 млрд АҚШ долларын құрады.**

Сыртқы жағдайлар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіш бойынша түсініктеме	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы
			Айлық деректер			
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа мән	Жыл басынан бергі орташа мән	
Brent маркалы мұнай бағасы	бір баррель үшін \$ 90.0	Мұнай бағасы 2022 ж. мамырында бекітілген, мемлекеттік бюджетке енгізілген түзетулерге сәйкес мұнай бағасы (оған дейін баға бір баррель үшін 60 доллар болған еді)	бір баррель үшін \$ 104.6	бір баррель үшін \$ 110.8	бір баррель үшін \$ 104.5	●
ФАО тұтыну бағаларының индексі	106.3	2019-2021 жж. орташа мән	154.2	156.8	151.1	●
Негізгі сауда әріптестері саналатын елдердегі инфляция	4.8%	Ресей, 2019-2021 жж. бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	15.9%	16.9%	14.2%	●
	7.1%	Қытай, 2019-2021 жж. бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	2.7%	2.8%	2.5%	
	1.7%	ЕО, 2019-2021 жж. бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	9.6%	8.8%	7.7%	
	15.7%	Түркия, 2019-2021 жж. бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	78.6%	74.0%	64.4%	
Доллар индексі	95.2	2019-2021 жж. орташа мән	103.9	104.2	100.6	●

Дереккөз: ҰСБ, TradingEconomics.com, fao.org, Jusan Analytics есептеулері

Белгілеулер	
Қызу	●
Өсу	●
Суыну	●

Экономикалық жағдайлар блогы бойынша тұжырымдар:

2022 жылдың маусымында экономикалық өсімнің ғаламдық құлдырауына қатысты күшейіп жатқан қорқыныш жиынтық сұраныстың төмендеуіне әкеп соқты. Бұл мұнай бағасының түсуіне әсер етті. Маусым айында Brent маркалы мұнайдың бағасы 5.7%-ға түсіп, бір баррель үшін 109.0 долларды құрады. Атап өту керек, 2022 жылға мемлекеттік бюджет бір баррель үшін орташа 60 доллар деңгейінде қалыптасты. Мамыр айында бюджетті биылғы жылға қайта қарау барысында мұнай бағасы бір баррель үшін 90 долларға түзетілді. Бұл ретте 2022 жылдың өткен 6 айы ішінде орташа баға 104.5 долларды құрады.

ФАО-ның азық-түлік бағалары индексі тоқтаусыз түсіп жатқандығына қарамастан, рекордтық мәнге жақын деңгейде орналасқан және ағымдағы жылдың мусымында 154.2 пункті құрады. Ғаламдық сұраныстың төмендеуі және базарларда ауыл шаруашылығы өнімдерінің маусымдық сипатта көбеюі кейбір азық-түлік өнімдерінің (дәнді дақылдар, өсімдік майы және қант) бағаларының түсуіне әсер етті.

Қытайды қоспағанда, Қазақстанның барлық әріптес-елдерінде инфляция елеулі түрде үдеді және жыл басынан бергі оңтайлы мәннен жоғары. Маусым айында инфляция Ресейде 15.9%-ды, Еуроодақта – 9.6%-ды, Түркияда – 78.6%-ды құрады. Бұл ретте тек Қытайда ғана инфляция бәсеңдеп, 2.7%-ды құрады.

Доллар индексі - америкалық валютаның басқа алты негізгі валютадан құралған себетке америкалық валютаның қатынасы. Жыл басынан бері доллар индексі орта есеппен 100.6 пунктті құрайды. Яғни соңғы 3 жыл ішіндегі орташа мәннен жоғары және бұл доллар тарапынан көрсетілетін қысымның өсіп жатқандығын білдіреді.

Баспасөз хабарламаларына талдау жасау

Біз ҚРҰБ "Базалық мөлшерлемені 14% деңгейінде сақтау туралы»" деп аталатын №15-ші баспасөз хабарласына семантикалық талдау жүргіздік. Сонда "өсім" сөзі 26 рет, "инфляция" - 21, "баға" - 20, "экономика" - 15, "деңгей", "жоғары", "болжам" және "фон" сөздері 10 рет қолданылғанын байқадық.

Осылайша **базалық мөлшерлемені бекіту барысында инфляция өсімі, баға және ЖІӨ негізгі факторлар болып табылады.**

Фраза/слово	Количество	Частота %
«өсім»	26	2.27
«инфляция»	21	1.83
«баға»	20	1.75
«экономика»	15	1.31
«деңгей»	11	0.96
«жоғары»	10	0.87
«болжам»	10	0.87
«фон»	10	0.87

<https://advego.com/text/seo/>

Әдіснама

Теориялық негіз ретінде Тейлор Ережесін қолданамыз

Тейлор Ережесі (Taylor Rule) — монетарлық саясат ережесі. Ол Жалпы ішкі өнімнің көрсеткіштері, инфляция және басқа да экономикалық жағдайлар өзгерген жағдайда пайыздық мөлшерлемені қаншалықты өзгерту керектігін белгілейді.

Ереже барынша жұмыспен қамтуды және баға бойынша тұрақтылықты қамтамасыз ету міндетіне қандай монетарлық саясат жауап беруі тиіс екендігін ғылыми және жүйелік тұрғыда анықтау және орталық банктің монетарлық саясатын болжауға келетіндей ету мақсатында ойлап табылған болатын.

Тейлор Ережесінің формуласы мынадай түрге ие:

$$i_t = \pi_t + r_t^* + a_\pi(\pi_t - \pi_t^*) + a_y(y_t - \bar{y}_t).$$

i_t — пайыздық мөлшерлеме;

π_t — нақты инфляцияның деңгейі;

π_t^* — инфляцияның қажетті деңгейі, монетарлық реттеушінің таргеті;

r_t^* — тепе-теңдік пайыздық мөлшерлемелердің жорамал деңгейі;

$y_t - \bar{y}_t$ — шығарылым үзілісі, нақты және әлеуетті Жалпы ішкі өнімнің арасындағы айырма, өсімнің ұзақ мерзімді траекториясына қатысты циклдың фазасын белгілейді.

Дэшбордқа арналған экономикалық жағдайлар бойынша біздің пайымдауларз:

Біз жасаған дэшборд Тейлор Ережесін шартты түрде үш блокқа бөледі. Олар қалай болғанда да базалық теңдеуде қолданылатын тиісті факторларға сәйкес келеді. Бұл ретте біз түсіндіруші факторлардың санын көбейттік, сондай-ақ бірқатар озық факторларды қостық. Тиісті факторлар бойынша деректерге баға беріледі. Соның нәтижесінде олардың оңтайлы, ұтымды деңгейден ауытқу дәрежесі белгіленеді. **Көрсеткіштердің жағымсыз жаққа ауытқуы экономиканың қызып кеткендігін** немесе фискалдық және монетарлық талаптарды қатаңдатуды талап ететін басқа да мәселелердің бар екендігін білдіреді. **Ал төмендегені қосымша ынталандыру шаралары қажет екендігін көрсетеді.**

- 1) **Инфляция блогы** - экономикалық саясаттардың теңгерімсіздігінің, экономикалық белсенділіктің қызынуының және артық сұраныстың негізгі индикаторы;
- 2) **Монетарлық талаптар блогы** - инфляцияның озыңқы факторлары, Тейлордың базалық теңдеуіндегі теңгерімді мөлшерлемені түсіндіру және факторды ауыстыру;
- 3) **Экономикалық жағдайлар блогы** - шығарылымның оң немесе теріс үзілісі бар екендігіне қатысты кең ұғым, кең мағына береді.

Тейлор Ережесінің маңызды анықтамасы: шағын ашық экономикалар үшін бірқатар сыртқы жағдайларды ескеру қажет.

- 4) **Сыртқы жағдайлар блогы** - ағымдағы циклдың фазасына айтарлықтай ықпал ете алатын маңызды сыртқы факторларды көрсетеді;

Әрбір көрсеткіш бойынша нәтижелер жиынтығы экономиканың ағымдағы жай-күйін және **"қызу", "өсу", "суыну"** циклдері аясында реттеушілерден күтілетін болжамды жауапты көрсетеді. Бұл ретте тиісті жағдайға байланысты тиісті жауаптың болмауы экономиканың қызып кету немесе тежелуін одан бетер күшейтіп, көрсеткіштердің одан әрі жағымсыз сипат алуына әкеп соғады.

Жауапкершіліктің шектелуі:

Jusan Analytics – «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Аталмыш материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз. Біз оқырмандардың дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін жауапты болмаймыз.

«Jusan Bank» АҚ **Jusan Analytics** тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және **Jusan Analytics**-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

© 2022 ж., барлық құқықтар қорғалған.